

«FYMARBEK ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Бекітемін

«Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы
энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының ректоры



С.С. Сагинтаева
2021 ж.

ANTIPLAGIAT.RU ЖҮЙЕСІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ
ЕРЕЖЕЛЕРІН АНЫҚТАЙТАН ПЛАГИАТТЫ АНЫҚТАУ
ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША
РЕГЛАМЕНТ

2-БАСЫЛЫМ

Кол қойылған күннен бастап күшіне енеді

Алматы, 2021 ж.



Сапа менеджмент жүйесі

Мазмұны

Күжат төлкүжаты	3
Келісу парағы	4
1. Жалпы ережелер	5
2. Оқытушы-профессор құрамының оқу-әдістемелік жұмыстарын міндettі плағиатқа тексеру ережелері	6
3. Дипломдық жұмыстарды, магистрлік және докторлық диссертацияларды міндettі плағиатқа тексеру ережелері	7
4. Арнайы ережелер	10

Tanysu paraғы


Күжат төлкүжасты	
Күжат түрі	Ұйымдастырушылық құжаттама
Күжат атауы	Antiplagiat.ru жүйесімен жұмыс істеу ережелерін анықтайтын плагиатты анықтау және алдын алу бойынша регламент
Күжат мақсаты	Регламент плагиатты анықтау және алдын алу процедурасының қызмет ету тәртібі мен ережелерін, сондай-ақ Antiplagiat.ru жүйесін пайдалану механизмін анықтайды
Әзірлеген	Академиялық мәселелер департаментінің директоры
Келісілген	Академиялық қызмет жөніндегі проректор Заң кеңесшісі Мемлекеттік тіл және аударма бөлімінің бастығы Талдау және даму стратегиясы департаментінің жетекші маманы
Бекіткен	Ректор
Күжат орындаушылары	АМД жұмыскерлері, кафедра менгерушілері, институт директорлары
Орындалуын бақылаушы	Академиялық қызмет жөніндегі проректор
Нормативтік сілтемелер	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заны
Түпнұсқа иесі	Талдау және даму стратегиясы департаменті

Келісу парағы

Регламент келісілді:

Академиялық қызмет жөніндегі проректор

Комышин С.В.



«___» 2021 ж.

Заң кеңесшісі


Чомик М.М.



«___» 2021 ж.

Мемлекеттік тіл және аударма бөлімінің бастығы


Абдибекова Е.Р.



«___» 2021 ж.

Талдау және даму стратегиясы департаментің жетекші маманы

Елсенекчи Н.




«___» 2021 ж.

Әзірлеген:

Академиялық мәселелер департаментінің директоры

Мұжаниегиз Ибраһим Р.Р.



«___» 2021 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1. «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамындағы Antiplagiat.ru жүйесімен жұмыс істеу ережелерін анықтайтын плалиатты анықтау және алдын алу бойынша осы регламент (бұдан әрі – Регламент):

1.1.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;

1.1.2 Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандагы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына;

1.1.3 Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І «Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы» Заңына;

1.1.4 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өзірленген.

1.2. Регламент плалиатты анықтау және алдын алу процедурасының қызмет ету тәртібі мен ережелерін, сондай-ақ Университет кафедралары мен құрылымдық бөлімшелерінің Antiplagiat.ru жүйесін (бұдан әрі - жүйе) пайдалану механизмін анықтайды.

1.3. Плалиатқа тексеру процедурасы міндетті турде докторанттардың/магистранттардың докторлық/магистрлік диссертацияларына және бакалавриат пен АЭжБУ КеАК колледжінің білім алушыларының дипломдық жұмыстарына қолданылады. Сондай-ақ плалиатты анықтау және болдырмау процедурасы Университеттің Тақырыптық басылым жоспарында жоспарланған оқытушы-профессорлар құрамының (бұдан әрі – ОПҚ) оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарына, «АЭжБУ Хабаршысы» және «Technical Journal of Daukeyev University» журналдарының редакциясынан алынған ғылыми мақалаларға қолданылады.

1.4. ОПҚ басқа ғылыми мақалаларын, білім алушылардың курсстық жұмыстарын, рефераттарын, эсселерін және басқа да жұмыстарын оқытушы тексеру нәтижелерін экранның скан-көшірмесі түрінде өз компьютерінде емтихан сессиясы аяқталғанға дейін сактай отырып, плалиатқа тексеру жүйелерінің тегін онлайн-ресурстары арқылы (<https://text.ru/antiplagiat>, <http://antiplagius.ru/proverka-antiplagiat-onlain.html>, <https://antiplagiat.ru>) өз бетімен тексереді.

1.5. Білім алушылар мен ОПҚ жұмыстарын жүйеде тексеру жұмыстарын жүргізу бойынша қызметті үйлестіретін жүйе администраторы Академиялық мәселелер департаментінің директорымен (бұдан әрі – АМД директоры) АМД жұмыскерлерінің ішінен тағайындалады.

1.6. Кафедра атынан жауапты тұлға кафедра менгерушісімен тағайындалады. Жұмыстарды тапсыру және алу тек қана тиісті кафедра өкілі арқылы жүргізіледі.

1.7. Жұмыстарды тексеру жұмыс түскеннен кейін plagiat@aves.kz кіріс поштасының журналындағы жазбаға сәйкес қатаң түрде кезектілік ретімен

жүргізіледі. Жұмысты жүйеге талдау үшін енгізген сәттен бастап, жұмыс мәтіні екі-үш жұмыс күні көлемінде өндөледі.

1.8. Білім алушылардың тағайындалған жетекшілері, кафедра менгерушілері, институт директорлары, оқытушылар, сондай-ақ жұмыстарды тексеруге қатысы бар университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлері регламентпен танысуға міндетті.

1.9. АМД жұмыстардың мониторингін кездейсок іріктеу әдісімен жүргізеді. Егер плагиаты бар жұмыстар қабылданғаны анықталатын болса, авторларға, ғылыми жетекшілерге, ОПҚ, жұмыскерлерге қатысты Университеттің ішкі нормативтік актілерімен қарастырылған тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылатын болады.

2. Оқытушы-профессорлар құрамының оқу-әдістемелік жұмыстарды міндетті тексеру ережелері

2.1. Мәтінде қолданылған символдар сәйкесінше алфавитке тиесілі болуы және біркелкі қаріппен жазылуы тиіс, яғни, мысалы, орысша мәтіннің символдарына орыс тілі қарпі қолданылып, қазақша мәтіннің символдарына қазақ тілі қарпі қолданылып, ағылшынша мәтіннің символдарына сәйкесінше ағылшын тілі қарпі қолданылып, және т.с.с. жазылуы тиіс. Редактор плагиатты анықтау және қолданылыша үшін жұмыс мәтінін электронды түрде редакторлық тексеруден кейінгі ақыргы редакциясымен plagiat@aues.kz поштасына жібереді. Жұмыс мәтіні DOCX (Microsoft Word) форматында болуы тиіс. Электронды файл атаянда жұмыс авторының Т.А.Ә. және тексерілетін жұмыстың түрі (оқулық, оқу-әдістемелік құрал және т.б.) көрсетілуі қажет.

2.2. Тексеру процедурасы оқу материалдарын antiplagiat.ru жүйесінде тексеруге жауапты АМД жұмыскерімен атқарылады.

2.3. АМД жұмыскері жұмыс мәтінін талдау үшін жүйеге жүктейді.

2.4. Әрбір тексерілген жұмыс бойынша жүйеде үқастық жөнінде есептеме генерацияланады және плагиатқа тексеру нәтижелері жөнінде анықтама беріледі. Жұмысты плагиатқа тексеру нәтижелері жөніндегі есептеме мен анықтама қайтадан редакторға жіберіледі.

2.5. Осы регламентте қарастырылмаған шаралар тәртібіне қатысты барлық мәселелер Қазақстан Республикасындағы жоғарғы оқу орындарының қызметтің регламенттейтін нормативтік актілерге сәйкес Академиялық қызмет жөніндегі проректормен (бұдан әрі – АҚ жөніндегі проректор) шешіледі.

3. Дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертацияларды міндепті плагиатқа тексеру ережелері

3.1. Білім алушылар мен плагиатқа тексеру бойынша жұмыс тобының тікелей қарым-қатынасын болдырмау мақсатында кафедра менгерушілері кафедра бойынша дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертацияларды (бұдан эрі – бітіру жұмыстарын) antiplagiat.ru жүйесінде тексеруге тапсыру үшін жауапты қызметкерді тағайындауды тиіс және сол жұмыскердің поштасын АМД-ға беруі тиіс. Кафедра бойынша жауапты жұмыскерлер:

3.1.1. бітіру жұмыстарын қабылдаған кезде тапсырылған материалдардың жиынтығын 3.3 тармағындағы талаптарға сәйкес тексеріп алыу;

3.1.2. жұмысты барлық қажетті материалдар жиынтығымен плагиатқа тексерту үшін plagiat@aues.kz поштасына жіберуі тиіс. Жұмысты жіберген кезде электронды хаттың тақырыбында:

ИНСТИТУТ_КАФЕДРА АТАУЫ_ТОБЫ_ТАӘ көрсетуі тиіс.

(Мысалы: ТжБЖИ_АжБ_АУТ-00-00_Алексеев_АА).

3.2. Бітіру жұмыстарының мазмұнына ғылыми жетекшілер жауап береді. Жетекші жұмыстардың тақырыптарының бұйрықта бекітілген тақырыптармен сәйкестігін тексеруі тиіс.

3.3. Алдын-ала қорғаудан өткеннен кейін, бірақ қорғауга рұқсат берілгенге дейін білім алушылар бітіру жұмыстарын бір архивпен кафедра бойынша плагиатқа жауапты жұмыскерге жібереді. Архив ішіне:


3.3.1. бітіру жұмысының толық электронды нұсқасы, оның ішінде: бір файлда (Microsoft Word форматындағы) сақталған, толықтай толтырылған титулдық бет, тапсырма мен кесте, үш тілдегі андатпа, мазмұны, негізгі бөлімдер, әдебиеттер тізімі және, бар болған жағдайда – қосымшалар болуы тиіс;

3.3.2. бір pdf-файлда сақталған, экономика, ӨТК, арнайы бөлім кеңесшілері мен жетекші жіберген хаттардың скрин-көшірмелері (тек корпоративты поштамен келгендері ғана қабылданады);

3.3.3. бөлек-бөлек pdf-файлда сақталған 3 тілдегі андатпа;

3.3.4. бұйрық бойынша бекітілген тақырыптарға сәйкес келетін тақырып пен ТАӘ жазылған txt-файл салынған болуы тиіс.

Плагиатқа тексеру үшін қажетті файлдардың дұрыс сақталу мысалы:



3.4. Білім алушылардың диплом қорғау науқаны кезінде тексеруді жылдамдату үшін АҚ жөніндегі проректордың өкімімен АМД жұмыс тобын кафедралардың инженерлерімен күшейтілуі мүмкін.

3.5. Жасырын бұрмалау фактілері (жұмыс мазмұнына сәйкес келмейтін мәтін үзінділерін қою, АЭжБУ бекітілген стандарттарынан өзге қаріппер мен олардың өлшемдерін қолдану, синонимдердің мағынасыз жиынтығы және т.с.с.) анықталған жағдайда АМД жұмыскері бірден жазбаша түрде бұл келеңсіз факт жөнінде кафедра бойынша жаупты жұмыскерге және кафедра менгерушісіне жауап хатта плалиатқа тексеру нәтижелерін жоққа шығара отырып хабарлайды. Әрі қарай білім алушының қорғауға жіберілу мәселесін кафедра менгерушісі шешеді. Дұрыс рәсімделген жағдайда жұмыс плалиатқа тексеру үшін АМД жұмыс тобымен жүйеге жүктеледі.

3.6. Жұмыстың электрондық нұсқасы Университеттің жинақталатын жұмыстар базасына енгізу үшін Университет серверінде сақталады; АМД жұмыс тобы тексеру жүргізеді, жұмыстың түпнұсқалық пайызы көрсетілген тексеру нәтижелері туралы анықтаманы түсіреді және егжей-тегжейлі электрондық есептен бірге плалиатқа жаупты кафедра жұмыскерінің корпоративтік поштасына жібереді. Білім алушылардың бітіру жұмыстарының түпнұсқаларын білім алушылар емес, кафедра бойынша жаупты жұмыскерлер басып шығарады.

3.7. Білім алушыға жұмысын қорғауға жіберу түпнұсқалық көрсеткіші: бакалаврдың дипломдық жұмысы үшін – 40%-дан жоғары, магистрлік диссертация үшін – 60%-дан жоғары, докторлық диссертация үшін – 70%-дан жоғары болған кезде рұқсат етіледі.

3.8. Тексеру нәтижесі бойынша оң шешім болған жағдайда (жұмыс мәтінін өзгертусіз) кафедра менгерушісі жұмыстың титулды парагына қол қойып, корғауға рұқсат береді.

3.9. Егер кафедра менгерушісі жұмыстағы әдебиетке сілтемелермен толықтыруды қажет деп санаса, онда білім алушы тек осы өзгерістерді енгізуге және енгізгеннен кейін осы өзгерістерді менгерушіге көрсетуге міндетті. Осьдан кейін, менгеруші тек корпоративті пошта арқылы, плагиатқа тексеру рәсімінен өткен мәтінге қатысты білім алушылар енгізген түзетулерді көрсете отырып, плагиатқа қайта тексермesten жалпы университеттік базаға жұмыстың өзгерілген мәтінін енгізу туралы қызметтік жазбаны АМД директорының атына жазады.

3.10. Кафедралар корғау өткен соң 5 күннен кешіктірмей АМД-не бітіру жұмыстарын қорғап шыққан білім алушылар жөнінде ақпаратты хабарлауы тиіс. АТД олардың жұмыстарын интернет арқылы барлық ізденушілер ашық қарай алулары үшін www.aues.edu.kz сыртқы сайтында орналастырады.

3.11. Тұпнұсқалық пайзызын арттыру мақсатында екінші қайтара ақысыз плагиатқа тексеру жүргізуге рұқсат етілмейді. Білім алушы Ректормен бекітілген «Өтемді қызметтер көрсету келісімшартына» сәйкес өз жұмысын ақылы негізде, тек оның ТАӘ, төлем мақсаты (плагиатқа қайтадан тексеру) көрсетілген төлем жөніндегі түбіртектің суретін АМД жұмыскеріне жібергеннен және бухгалтерия қаражаттың Университет есепшотына түскені туралы фактін растиғаннан кейін қайтадан тексеруден өткізе алады. АМД жұмыскері растиғаннан бухгалтериядан өз бетімен 1 (бір) жұмыс күні ішінде сұратады. Жұмыстарды қайтадан тексеру жұмыс түскен соң және бухгалтерия қаражаттың Университет есепшотына түскені туралы фактін растиған соң, plagiat@aues.kz кіріс поштасының журналындағы жазбаға сәйкес қатаң түрде жалпы кезектілік бойынша жүргізіледі.

3.12. Осы регламенттің қадағалануын бақылау АМД директоры Р.Р. Мухамеджановаға жүктеледі.

4. Арнайы ережелер

4.1. Білім алушылардың барлық жұмыстарын (курстық жұмыстар, жобалар, эссе және басқа да жазбаша жұмыстар) қабылдаушы оқытушы міндетті тәртіппен плагиатқа тексеру жүйелерінің тегін онлайн-ресурстары арқылы (<https://text.ru/antiplagiat>, <http://antiplagius.ru/proverka-antiplagiat-onlain.html>) және т.б.) тексеруден өткізуі тиіс.

4.2. ОПҚ-ның ғылыми мақалаларын плагиатқа тексеруді («АЭжБУ Хабаршысы» және «Technical Journal of Daukeyev University» журналдарының редакциясы қабылдаған мақалаларынан басқа) плагиатты анықтау жүйелерінің тегін онлайн-ресурстарында жүзеге асыру ұсынылады.

4.3. Білім алушы өз жұмысын бір рет плагиатқа тегін тексеруге құқылы. Екінші және үшінші рет тексеру ақылы түрде жүргізіледі.

Танысұ наразы

2-басылым

Қол қойылған күннен бастап қүшіне енеді

10 беттөн 10

